

**Сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 20 ақпандағы N 141 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 5 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2190. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2007 жылғы 31 қаңтардағы N 65 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2007 жылғы 31 қаңтардағы N 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) б ұ й р ы ғ ы м е н .*

---

Қазақстан Республикасының "Сот сараптамасы туралы" 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. 1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Сот медицинасы орталығында сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру тәртібі туралы ереже (1-қосымша);

2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Сот медицинасы орталығының жанындағы біліктілік комиссиясы қызметінің тәртібі туралы нұсқау (2-қосымша) бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр С.Ә. Діқанбаеваға жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
"Сараптаманың белгілі түрін  
(түрлерін) жасау құқығына  
сот-медициналық, сот-психиатриялық  
сарапшысы біліктілігін беру туралы"  
2003 жылғы 20 ақпандағы  
N 141 бұйрығына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Сот медицинасы орталығында сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру тәртібі**  
**т у р а л ы**  
**ЕРЕЖЕСІ**

1. Сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Сот медицинасы саласында осы заманғы ғылыми жетістіктерге және іс жүргізу заңының талаптарына сәйкес жоғары кәсіби деңгейде сот-медициналық сараптаманың белгілі түрлерін жасауды қамтамасыз ету біліктілік емтиханын тапсырудың мақсаты болып табылады.

2. Осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру үшін Мамандықтардың тізбесіне сәйкес сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық сарапшысы біліктілігі сараптамалық мамандықтар бойынша беріледі.

3. Сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысының біліктілігін сот-медициналық сараптама органдарының қызметкерлері болып табылатын мамандардан басқа "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағының талаптарын қанағаттандыратын және сот медицинасы бойынша тиісті дайындық алған өзге де мамандарға беріледі.

4. Сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысының біліктілігін құрамы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілетін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Сот медицинасы орталығының (бұдан әрі - Орталық) жанындағы біліктілік комиссиясы б е р е д і .

Біліктілік комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Орталықтың директоры, Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми практикалық орталығының директоры, сараптама жұмысы жөніндегі орынбасары, Орталық пен Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми практикалық орталығы бөлімдерінің (бөлімшелерінің) меңгерушілері кіреді.

5. Біліктілік комиссиясы қызметінің және материалдарды ресімдеудің тәртібі "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Сот медицинасы орталығының жанындағы біліктілік комиссиясы қызметінің тәртібі туралы" нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

6. Сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру туралы мәселе ізденушінің (бұдан әрі - ізденуші) біліктілігін беру үшінші құжаттар

тапсырған адамдардың жұмыс орны бойынша мекеме басшыларының ұсынуы бойынша біліктілік комиссиясы қарастырады.

7. Жұмыстың нәтижесі бойынша біліктілік комиссиясы маманға сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру туралы шешім қабылдайды.

8. Егер комиссия оң шешім қабылдаудан бас тартса, онда комиссия шешімінде бас тарту дәлелдемесі көрсетілуі тиіс.

9. Теріс шешім қабылданған жағдайда біліктілік беру туралы мәселені тек үш айдан кейін ғана қайта қарауға жол беріледі.

10. Сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беруден бас тарту туралы біліктілік комиссиясының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне шағымдануы мүмкін.

11. Сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін алған маманға белгіленген нысанда сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру туралы куәлік беріледі.

12. Бір мамандығы бойынша сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігі бар және қосымша мамандық алған маманға сот-медициналық сарапшысы біліктілігі мен жаңадан алынған мамандығы бойынша біліктілік беріледі.

13. Орталықтың сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшылары біліктілігін санатын беруге (растауға) арналған аттестациялаудан өту арқылы растайды.

14. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Сот медицинасы орталығының қызметкерлері болып табылмайтын адамдар әрбір бес жыл сайын біліктілігін екінші рет біліктілік емтиханын тапсыру жолымен растайды.

15. Орталықтың сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігінен айыру кезекті аттестациялау кезінде оның атқарып отырған қызметіне сәйкес еместігін тану нәтижесі болып табылады.

16. Орталықтың қызметкері болып табылмайтын адамдарды сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігінен айыру екінші рет біліктілік емтиханын тапсыру кезінде біліктілік комиссиясы теріс шешім қабылдаған жағдайда жүргізіледі.

17. Сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігінен айыру туралы шешімді біліктілік комиссиясы қабылдайды. Сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына

сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру туралы куәлікті қолданыстан алып тастау туралы біліктілік комиссиясында хабарланады.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Сот медицинасы орталығында  
сараптаманың белгілі түрін  
(түрлерін) жасау құқығына  
сот-медициналық, сот-психиатриялық  
сарапшысы біліктілігін беру  
тәртібі туралы ережесіне  
1-қосымша

**Сот медициналық сарапшысы біліктілігін беру үшін мамандықтардың тізбесі**

1. Жалпы сараптамалық зерттеулердің сот-медициналық сарапшысы;
2. Сот-гистологиялық зерттеулердің сот-медициналық сарапшысы;
3. Сот-биологиялық зерттеулердің сот-медициналық сарапшысы;
4. Физикалық-техникалық зерттеулердің сот-медициналық сарапшысы;
5. Химиялық-токсикологиялық зерттеулердің сот-медициналық сарапшысы.
6. Сот-психиатриялық дәрігер-сарапшысы.
7. Сот сарапшы-психологы.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
"Сараптаманың белгілі түрін  
(түрлерін) жасау құқығына  
сот-медициналық, сот-психиатриялық  
сарапшысы біліктілігін  
беру туралы"  
2003 жылғы 20 ақпандағы  
N 141 бұйрығына  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі  
Сот медицинасы орталығының жанындағы біліктілік  
комиссиясы қызметінің тәртібі туралы  
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Біліктілік комиссиясының қызметі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Сот медицинасы орталығында сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру тәртібі туралы ереженің негізінде жүзеге асырылады.

2. Біліктілік комиссиясының төрағасы жұмысты жоспарлайды, комиссияның мәжілісін өткізеді және басшылық етеді, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің алдында комиссияның жұмысы туралы есеп береді.

3. Біліктілік комиссиясының хатшысы мәжілістерді өткізу үшін материалдар дайындауды жүзеге асырады, оларды комиссияға баяндайды, комиссияның жұмысы бойынша істі жүргізеді, сот-медициналық сарапшысы біліктілігі берілген мамандарды есепке алады.

4. Сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру туралы мәселені қарау үшін комиссияға мынадай материалдарды:

1) көрсетілген ұсыныстың негіздеуі бар (сот сараптамасы қызметкерлері үшін ) сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру туралы ұсынымды;

2) дипломның, тиісті мамандандыру циклын бітіруі туралы жеке куәлігінің, біліктілігін арттыруды өткендігі туралы куәлігінің көшірмелерін жібереді.

5. Сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру туралы мәселе бір айдың ішінде қаралады.

6. Мәжіліс процесінде комиссия ұсынылған материалдарды зерттейді, біліктілік беру үшін құжаттар тапсырған адамнан (бұдан әрі - ізденуші) емтихан қабылдайды. Талқылаудың нәтижесі бойынша комиссия кәсіби дайындығының деңгейін бағалайды және шешім қабылдайды.

7. Бастапқы және кейінгі дайындық бағдарламаларында көзделген арнайы білім көлемін игеру сот-медициналық сарапшысы, сот-психиатриялық біліктілігін беру үшін негіздеме болып табылады.

8. Біліктілік беру туралы мәселесі шешілетін адам комиссияның мәжілісіне қатысады.

9. Комиссия мәжіліске қатысушы комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы басым дауыспен шешім қабылдайды.

Егер мәжілісте комиссия мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысатын болса, онда комиссияның мәжілісі заңды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген жақтың шешімі қабылданды деп есептеледі.

Қабылданған шешімге келіспеушілік білдірілген жағдайда комиссия мүшелері жеке пікірлерін айта алады.

10. Комиссия шешімінің көшірмесі ізденушінің жұмыс орны бойынша ұйымға жіберіледі және оның жеке іс парағында сақталады.

11. Комиссия мәжілісінің барысында комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттама жүргізіледі.

12. Біліктілік комиссиясының шешімі негізінде сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін алған маманға сараптаманың белгілі түрін (түрлерін) жасау құқығына сот-медициналық сарапшы біліктілігін беру

туралы куәлік тапсырылады. Куәлікке сараптамалық мамандық бойынша біліктілік беру туралы мәліметтер енгізілетін карточка-қосымша бет қоса беріледі. Карточка-қосымша бетке сондай-ақ қосымша сараптамалық мамандық бойынша біліктілік беру туралы мәліметтер енгізіледі.

13. Біліктілік комиссиясының іс жүргізуі сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі өндірісті және сот-медициналық сарапшысының, сот-психиатриялық куәлігін беруді тіркеу журналын ресімдеуді көздейді.

14. Сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру жөніндегі өндіріс әрбір маманға жеке ресімделеді және мынадай материалдардан :

1) сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысы біліктілігін беру үшін маманға мекеме басшысының ұсынымынан;

2) бөлімдерінің (бөлімшелерінің) меңгерушілері дайындаған толық м і н е з д е м е д е н ;

3) дипломның, еңбек кітапшасының, тиісті мамандандыру циклын бітіруі туралы жеке куәлігінің, біліктілігін арттыруды өткендігі туралы куәлігінің көшірмелерінен тұрады.

15. Сот-медициналық, сот-психиатриялық сарапшысының куәлігін беруді тіркеу журналы куәліктерді беруді есепке алу үшін қызмет етеді.

16. Біліктілік комиссиясының материалдары үнемі сақталатын құжаттамалар санатына жатады.